

ҚОЖАМБЕРДІ ауылының ҚУАТЫ қандай?

Есепті кездесудегі негізгі критерийдің бірі – кәсіпкерлік саласы екені белгілі. Бұл бағытта М.Нәлібаев басшылық ететін Қожамберді ауылында ілкімді іс бар – деп хабарлайды ["Жаңақорған тынысы"](#) газеті.



2018 жылды елді мекенінде 10 дара кәсіпкер тіркелген. 4 кәсіпкер Кәсіпкерлік палатасының аудандық филиалы арқылы «Бастау-бизнес» жобасы бойынша курс оқыса, 2 кәсіпкер «Бизнес кеңесшісі» жобасы бойынша білімін жетілдірген. Ал, 2 кәсіпкер «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 4 млн. және 2 млн. теңге несие алып, кәсіптерін жүргізуде екен.

Кездесу барысында өткен жылы пайдалануға берілген жаңа мектептің кадр мәселесіне қатысты мәселе көтерілді. Ардагер ұстаз Күлан Кенжеғұлова, Хадиша Шүкірова мен ауыл тұрғындары жаңадан ашылған мектепке берілген штаттарға тұрмысы төмен емес

отбасының мүшелері қабылданғанына ренішін білдірді. Бұл мәселеге аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актлерін тіркеу бөлімінің басшысы Абдіғанит Ахметов жауап берді. Сала басшысы сауал қойған екі тұрғынды және балаларын қоғамдық ақылы негізде жұмысқа тартатынын тілге тиек етті.

Ерубай ҚАЛДЫБЕК.

18 қаңтар 2019 ж.